

Жеке тұлғаға бағыттап оқыту мақсатына қол жеткізудегі әртүрлі әдістемелік тәсілдерге сипаттама.

Мемлекетіміз тәуелсіздік алғаннан кейін шетел мемлекеттерімен саяси, экономикалық, әлеуметтік, әдеби, ғылыми қарым-қатынасқа түсіп отыр. Осы қарым-қатынасты одан әрі дамыту үшін және шетел ел мемлекеттерімен жан-жақты байланыста болуы үшін болашақ мамандарға шетел тілінде білім берудің жаңа әдіс-тәсілдері іздестіру және оларды жүзеге асыру мақсаты жоғарғы оқу орындарының алдында тұр.

ҚР шетел тілінде білім беру концепциясында, ҚР 2005-2015 ж.ж. концепциясында көрсетілгендей, жалпы білім беретін орта мектептер мен жоғары оқу орындарында жеке тұлғаға бағыттап оқытуды қалыптастыру әлеуметтік сұраныс болып табылады. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту Тұжырымдамасында оқушыларды сапалы білім алуға, функциональдық сауаттылыққа үйрету, нәтижеге бағдарланған толыққанды, сапалы, бәсекеге қабілетті білім беру міндеттері атап көрсетілген. [1]

Методика пәні өзінің даму кезеңдерінде әр түрлі мақсаттарды көздеген. Қазіргі таңда шетел тілін оқытудың мақсаты – оқушыларды дүниежүзілік мәдениетке баулу, оқушылардың мәдениетаралық және кәсіби коммуникативтік біліктіліктерін дамыту. Сонымен қатар сол тілді іс-жүзінде қатынас құралы ретінде меңгерумен қатар сол тілде сөйлейтін адамдармен іс-әрекеттер де істей алу іскерліктерін меңгеру болу табылады. Ал мәдениетаралық қарым-қатынас дегеніміз – халықаралық дәрежеде шетел тілінде қарым-қатынас жасауға қабілеттілік және дайындық.

Қазіргі таңда үздіксіз білім беру жүйесінде білім беруді дамыту, дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кіру мақсатында елімізде білім берудің жаңа жүйесі құрылып жатыр. Осыған орай Қазақстан Республикасының Президенті Н.А. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында [2] бізге экономикалық қоғамдық жаңару қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажет делінген. Сол білім беруді дамыту ісі жеке тұлғаға мәдени-тарихи құндылықтарды, нормалар мен дәстүрлерді, білім берудің арнайы таңдап алынған мазмұны мен нысандарын беру болып табылады. Нәтижелі білім алудың мәнісі сол, мұнда оқушының іс-әрекеті, оның жеке басының әлеуетін іске асыруға негізделген және оның оқытылатын пәндер мен салаларға сәйкес келетін білім алуын талап етеді.

Шетел тілі пәні өзінің ерекшелігі және қандай да бір әдісті қолданудың өзгешелігі, оқытудың технологиясы болуы мүмкін. Әзірше теориялық дидактикада жаңа педагогикалық технологияны құрудың мүмкіндіктері мен шегі туралы әдіскерлер арасында талаптар болып отыр, шетел тілін оқыту жүйесінде технология мәртебесіне лайық әдістер құрылған, яғни нәтижелердің жоғары дәрежелі сенімділігі, тұрақтылығы және дыбысталуы (воспроизводимость). Біз мұнда ең алдымен шетел тілін оқытуда жеке тұлғаға бағытталған амалды жатқызамыз, оның ішіне жобалық әдіс, ынтымақтастықта оқыту, контекстік оқыту, интенсивтік оқыту және түрлі дәрежелі оқытуды атауға болады.

Білім беру мекемелерінің мақсаты тұлғаның өзін - өзі дамыту үшін жағдай жасау, әрбір оқушының оның қызығушылығы мен мүмкіндіктеріне сәйкес білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру. Бұл мақсатқа жеке тұлғаға бағытталған білім беру сәйкес келеді.

Тілдік білім беруде шетел тілін меңгерудегі жеке тұлғаға бағыттап оқытудың бір әдісі, атап айтқанда тандем әдісі туралы айтқымыз келіп отыр.

Тандем әдіс – бұл екі орынды велосипед принципі бойынша жұп болып жұмыс жасайтын екі тілде сөйлейтін екі әріптестің шетел тілін автономдық (өз бетімен) меңгеруі (мұндай велосипедтің аты тандем). Тандемнің мақсаты - өзінің әріптесімен ақиқат немесе виртуалдық қарым-қатынас жағдайында өзінің әріптесінің ана тілін меңгеру, оның өзімен танысу, оқып отырған елдің мәдениетімен танысу, сонымен қатар өзін қызықтыратын білім саласындағы ақпараттармен танысу.

Тандем әдісінің мәнін білдіретін маңызды принцип бірлескен және автономдық принципі болып табылады. Бірлескен принципі бойынша тандемнің әрбір қатысушысы қарым-қатынас барысында бірдей пайдалы жағын алуды ұсынады, бұл егер әріптестің екеуі де бірдей уақыт жұмсаса және оқуға бірдей жігер жұмсаса. Жеке автономия принципі әрбір әріптес өз алдында мақсатын таңдауға ғана емес, оқудың мазмұны мен құрамдарына, сонымен қатар оның соңғы қорытындысына да өз алдына жауапкершілікті алады. Тандем әдісі Германияда 60 ж.ж. соңында неміс-француз жастарының жиі кездесуі нәтижесінде пайда болды. Кейін оның негізгі екі формасы анықталды – жекеше және ұжымдық формалары. [3]

Жекеше тандемнің қатысушылары арнайы дайындалған сұрақтар негізінде әр елдің тандем-орталығы арқылы таңдалады, ол жеке тұлғаның барынша тұлғалық ерекшеліктеріне бағытталған: жасы, тілді оқу мотивациясы, оқу орны, жынысы, білім деңгейі, қызығушылығы, қалауы. Тандем-орталық сонымен қатар, тілді осы әдіс арқылы оқуды қалайтын тұлға аралық байланысты ұйымдастырады. Тілді меңгеру бойынша әріптестер өзара оқудың мақсатын, мазмұнын, құралын сонымен қатар оның бағытын анықтайды. Тандемнің бір қатысушысы тілді тек формальді емес, қарым-қатынас барысында меңгеруді қалайды, яғни экскурсияларға қатысу, мәдени шараларға қатысу, телебағдарламаларды бірлесе отырып көру арқылы. Басқалары қосымша тілдік курстарға қатысуды және сабақты бір-бірімен жиі өзара оқуды ұйымдастыруды қажет деп есептейді.

Жаңа білім беру парадигмасына көшу оңай да қарапайым емес. Білім берудің дәстүрлі орталығы болып табылатын мұғалім тұлғасынан оқушы тұлғасына өту оқу процесінде екеуінің де мәртебесін өзгертіп қана қоймай, педагогикалық қарым-қатынастың субъект-объектілік авторитарлық типін қызметтестіктің субъект-субъектілік типімен анықтау. Білім алушы мұғалімге объект ретінде әсер ету ретінде қарамай, оқу – тәрбие процесінде мұғаліммен қатар субъект ретінде қарау керек. Оқыту мен тәрбие берудің мұндай өзгерісі әдістеменің барлық концептуалдық-методологиялық негіздерін жеке тұлғаға бағытталған оқытудың әдістері мен технологияларымен жаңа үлгілерін игеруді қайта қарауды талап етеді. [4]

Жеке тұлғаға бағытталған оқыту дегеніміз оқушының жеке ерекшеліктерін ескеру, қызығушылығын арттыру, олардың алдына мақсат қоя білу, сол мақсатқа жетуге оқушыларды дайындау және жетелеу. Осындай сабақты ұйымдастыру үшін мұғалім сабақтың бір кезеңін, ал кейбір жағдайда бір сабақты оқушыға ашық қалдырады. Осы кезде оқушылар қойылған сұраққа немесе мәселеге өз пікірін білдіреді, шешу жолдарын қарастырады, жоспар құрастырылады, белгіленген мәселені шешудің қосымша бағыттары белгіленеді. [5]

Қазіргі кездегі педагогика ғылымының бір ерекшелігі баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуы.

Алдымен АҚШ та пайда болған педагогикалық технология термині аз уақытта - ақ барлық дамыған мемлекеттер лексиконына енді. Шетел педагогикалық әдебиеттерінде педагогикалық технология, оқыту технологиясы ұғымдары алғашында оқу процесін техникаландыру ретінде, яғни оқу процесінің сапасын техникалық оқу құралдарын пайдалану арқылы ғана жетілдіруге болады деп көрсетілді.

Бүгінгі таңда Д.Б.Эльконин мен В.В. Давыдовтың дамыта оқыту технологиясы, Ш.А.Амонашвилидің ізгілікті тұлғалық технологиясы, В.Ф.Шаталовтың оқу материалдарының белгі және сызба үлгілері негізінде қарқынды оқыту технологиясы, М.Чошановтың проблемалық модульді оқыту технологиясы, П.И.Третьяковтың, К. Вазинаның модульдік оқыту технологиясы, В.П.Монаховтың, В.П.Беспальконың және басқа да көптеген ғалымдардың технологиялары кеңінен танымал. [6]

Жоғарыда келтірілген педагогикалық технологиялардың ішінен оқушының тұлғалық қасиеттерін дамытуға әсер етіп, оны өздік жұмыс жасауға бейімдейтін педагогикалық технологиялардың бірі ретінде кейінгі кезде кеңінен қолданысқа ене бастаған модульдік оқыту технологиясына тоқталып кетейін.

Модульдік оқыту 60 жылдардың аяғында АҚШ, Англия және т.б. дамыған капиталистік мемлекеттер педагогикасында пайда болды. Оқытудың модульдік технологиясының ерекшелігі оның білімді меңгеруде емес, тұлғаның танымдық қабілеттерін және танымдық процестерді, яғни жадының алуан түрлерін, ойлауды, ынтаны, қабылдау қабілеттерін арнайы жасалған оқу және танымдық жағдайлар арқылы дамытуға, қарым - қатынас, ойын, танымдық және шығармашылық қажеттіліктерін қанағаттандыруға, белсенді сөздік қорын дамытуға бағытталуы.

Ал базалық білім - бұл технологияның алдына қойған мақсаттарына жетудегі басты құралдардың бірі болып қана табылады.

Оқу процесіндегі жетістіктерге мұғалім мен оқушының арасындағы өзара қарым - қатынас құрылса ғана жетуге болады. Модульдердің көмегімен қажетті деңгейге оқушылар саналы түрде өздері қол жеткізуге ұмтылуы.

Оқу тәрбие процесін гуманизациялауда тиімділерінің бірі М.М.Жанпейсова ұсынған интерактивтік модульдік оқыту технологиясы. Оқу модулі оқу ақпараттарының біршама дербес блогы, оған оқу мақсаттары мен міндеттері, әдістемелік нұсқаулар, шамамен алғандағы іс әрекеттер

негізі, оқу қызметін атқару жетістігін бақылау (өзін-өзі бақылау) құралдары енеді.

Мақсаты: оқу үрдісінде оқушының шығармашылығын дамытуда қолайлы жағдай туғызу және оны іске асырудың педагогикалық шарттарын айқындап, оңтайлы формаларын дайындау.

Бұл технологияның ерекшелігі – білімді меңгеруге емес, жеке тұлғаның таным қабілеттері мен таным процестерін арнайы жасалған оқу және танымдық жайлар арқылы дамытуға, жеке тұлғаның қауіпсіздігін, өзін өзі көрсетуін, маңыздылығын анықтауға, өзара қарым – қатынас, ойын арқылы шығармашылық қажеттіліктері мен белсенді сөздік қорын (ауызша және жазбаша) дамытуға бағытталуы. [7]

Оқу модулі қайта жаңғыртушы оқу циклі ретінде үш құрылымды бөліктен: кіріспеден, негізгі және қорытынды бөлімнен тұрады.

Оқу модулінің ерекшелігі – жалпы сағат санына қарамастан, кіріспе және қорытынды бөлімдерге 1-2 сағат беріледі. Барлық қалған уақыт негізгі бөлімнің меншігінде болады.

Кіріспе бөлімінде мұғалім оқушыларды оқу модулінің жалпы құрылымымен, оның мақсат-міндеттерімен таныстырады. Сонан соң мұғалім осы оқу модулінің барлық уақытында есептелген оқу материалын қысқаша (15-20 минут ішінде) сызба, кесте және т.б. сүйене отырып, түсіндіреді.

Оқушылардың оқу материалын қайта жаңғырту деңгейін қарапайым білік пен дағдыларды және білімін іс жүзінде бірнеше рет қайта қолдануы негізгі бөлім сабақтарында жүзеге асырылады.

Тақырып мазмұнына "өсу" бағытымен – қарапайымнан күрделіге, репродуктивтік тапсырмалардан шағармашылық сипаттағы тапсырмаларға, зерттеушілік қызмет элементтеріне қарай бірнеше рет қайта оралып отыру әр оқушыға оқу материалымен жұмыс істей отырып, өз қабілеттерін, жадын, ынтасын, ойлауын, сөздік қорын дамытуға мүмкіндік береді.

Негізгі бөлімдегі танымдық процесс сыныпты 2-6 адамнан шағын топтарға бөлу арқылы, негізінен оқушылардың өзара әрекет етуіне құрылған.

Оқушының танымдық қызметі әрбір оқушының әр сабақта үш күрделірек деңгейде берілген оқу материалын тыңдау, жазу, көру және айту мүмкіндігі болатындай етіп құрылған.

Оқытуды ойын түрінде ұйымдастыру және әртүрлі белсенді формаларды (ұжымдық, топтық, топтық-жеке және жұппен жұмыс, диспуттар, пікірталастар) қолдану – оқытудың негізгі міндетті шарты болып табылады. Негізгі бөлімде алғашқыда оқу материалын қайта жаңғырту және қарапайым білік пен дағдыны қалыптастыру мақсатында, кейіннен алған білімді талдау, жинақтау және бағалау мақсатында оқытудың белсенді формалары қолданылады.

3-4 сабақтардан бастап оқушыларға стандарт талаптарына сай сараланған тапсырмалар беріледі.

Оқушылар қандай да бір деігейдегі тапсырмалады өздері таңдайды. Тапсырмаларды қарапайымнан күрделіге қарай кезең-кезеңімен орындау міндетті емес. Оқушы тапсырманы өзінің орындау мүмкіндігіне қарай таңдауға ерікті.

Модульдік оқытудың негізгі бөлімі оқушының өзін - өзі оқытуына және өзін - өзі бағалауына, бірін - бірі бағалауына құрылған. Бұл әрбір оқушы үшін тек үш деңгейлік тапсырмалар ғана емес, олардың үлгі жауаптарын да даярлау арқылы іске асырылады.

Оқу модулінің қорытынды бөлімі – бақылау. Егер негізгі бөлімнің барлық сабақтарында оқушылардың бір –біріне көмегі, бірін-бірі оқытуы, түрлі ғылыми көздерді пайдалануы құпталынып келсе, енді қорытынды бөлімде оқушы өзінің негізгі бөлімде алған білімін, білігі мен дағдыларын ешкімнің көмегінсіз көрсетуі тиіс.

Оқушы білімін бақылаудың формалары ретінде тестілік тапсырмалар, бақалау жұмыстары оқу модулінің осы қорытынды бөлімінде беріледі. Егер негізгі бөлімде оқушыларға үш деңгейдегі тапсырмалар ұсынылса, қорытынды бөлімде барлық оқушыларға бірдей мемлекеттік білім стандартына сай тапсырмалар беріледі.

Педагогикалық процесс үлкен жетістіктерге, жоғарыда атап өткеніміздей, оқушының өзі белсенді болып, ал мұғалім әр оқушыға жеке дара қатынасы негізінде кеңесшілік бағыт –бағдар берушілік қызмет атқарғанда ғана жетуге болады.

Интерактивтік модульдік оқыту технологиясының міндетті шарты – оқытуды ойын түрінде және түрлі белсенді оқыту формалары арқылы ұйымдастыру. Бүгінгі таңда ойын оқыту процесінің тиімді тәсілдерінің бірі деп есептелінеді. Ол сабақта табиғи тілдік қатынас жағдайын құруға әсер етеді, оқушыларды оқу процесіне белсенді қатысуға еріксіз тартады, ынталандырады, пәнге деген қызығушылығын тудырады. [8]

Сонымен, модульдік технология негізгі бір идеяға негізделген – оқушы өзі оқу керек, ал мұғалім оның оқуын басқарып, қадағалайды, яғни ынталандыру, ұйымдастыру, бақылау арқылы жүзеге асады.

Жобалық жұмыс - бұл оқушылардың өз бетімен жасаған жұмыстарның нәтижесіндегі бір мәселені шешуге мүмкіндік беретін және ол нәтижелерді міндетті түрде көрсетуді (презентация) қажет ететін оқу танымдық әдістердің жиынтығы. Жоба технологиясы зерттеу, іздеу, проблемалық (мәселелік) шығармашылық әдістер жиынтығын қамтиды. Жобалық әдіс оқытудың дамушы және жеке тұлғаға бағытталған сипатының негізі. Шетел тілінде жүргізілетін сұрақ - жауап жобалық әдістің шығармашылық, танымдық және ақпараттық жинақтауын (синтезін) білдіреді. Сұрақ - жауап мұғалімге оқушылармен формальді емес қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді. Сұрақ - жауапқа дайындық тек модельдерді анықтауға ғана емес, сонымен қатар әрбір оқушының табиғи қабілетін дамытып, жинақтауға мүмкіндік береді. Шығармашылық жобалық әдіс ретіндегі сұрақ-жауап жүргізу ынтасы төмен (пассивный)оқушылармен жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Мақаланың соңында шетел тіліне оқытуда қолданылатын ойын және рольдік жобалардың орнын айта кеткім келіп отыр. Ойынның әрбір түрінің өзінің технологиясы бар. Ойын технологиясының белгілі бір құрылымы болады. Бір ойынның бірнеше қызметі бар: оқытушылық қызметі жалпы оқу дағдылары мен іскерліктерін дамыту, олар ес, назар, ақпараттарды қабылдау, шетел тілін меңгеру дағдыларын дамыту. [9]

Дәстүрлі ұйымдастырылған оқу процесіне қарағанда ойын арқылы оқыту процесінде оқушылар аз шаршайды және көп мағлұмат алады, ойын процесінде жағымды эмоциялар арқылы, белсендігі артады, сөздік қоры дамиды жеке тұлғаның қажеттіліктері қанығаттандырылады.

Әрбір педагогикалық технология жеке тұлғаның өзін - өзі дамытуға, оның өзіндік және шығармашылық қабілетін арттыруға, қажетті іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруға және өзін - өзі дамытуына қолайлы жағдай жасауға қажетті объективті әдістемелік мүмкіндіктерін қамтиды.

Инновациялық технологиялардың ішінен ең қажеттісі «кейс – стади» (нақты оқу жағдаяттарын пайдаланып оқыту). Нақты жағдаяттарда дұрыс және дұрыс емес жауаптар болмайды, яғни оқу материалы оқушыларды талдау жүргізе алуға, пікір талас жүргізуге, ойларын ашық айтуға, өз көз - қарастарын негіздеуге ғана қызмет етеді. Нақты жағдаят әдісін кез - келген пәндерді оқытуға пайдалануға болады. Кейбір жағдаяттар талдау жүргізе алу және ақпараттарды жүйелеуі үшін пайдалануға болатын үйренуші материал ретінде кездеседі.

Оқу кейсі – сыныпта бар мүмкіндіктерді пайдаланып нақты проблемалық жағдаяттарды қолдану және талқылау жолы арқылы қарама - қарсы шешімдерді қабылдау мүмкіндіктерін құру. Кейс әдісін тиімді пайдалану оқушылардың танымдық іс - әрекеттерінің белсенділігін арттырады, оқу тобында проблемалық жағдаяттарды талқылау мүмкіндігін туғызады, өздерінің білімдері мен идеяларын біріктіреді, талқылау үдерісін және білім мазмұнын қағидалауға мүмкіндік береді.

Кейс стадидің бірінші кезеңінде оқушылар жағдаяттарды суреттеп мәтіндерді оқып, өз бетінше проблеманың мәнін түсіндіруге, жағдаяттарды бағалауға өз көз - қарасын анықтауға, сұрақтарға жаңап ойлауға және проблемаларды шешетін нақты жолын табуға тырысуы қажет.

Екінші кезеңде жұмыс аз топтың арасында ұйымдастырылады немесе біз оларды креативті топ деп атаймыз, оқушылар кейстің негізін құрайтын проблема бойынша өзара пікір алмасады және диалогтық әдіс арқылы проблемаларды бірауыздан шешуге әкеледі. Бұл кезеңде "брейнсторминг" (Ми қатыру), диалог, дискуссия болуы мүмкін. Топтық талқылаудан кейін проблемаларды шешу жолдарын баяндап беруге қабілеті интеллектуалды тұлға анықталады. [10]

Әртүрлі деңгейдегі оқыту дегеніміз әр дәріс алушы оқу материалын оқу бағдарламасының әр деңгейінде, өз қабілеті мен ерекшелігіне байланысты игеру мүмкіндігін алуы. Қазіргі кезде әртүрлі деңгейде, яғни деңгейлеп оқытуды шетел тіліне үйретуде қолдану өз маңыздылығын жойған емес. Сатылап, саралап оқыту әдісінің көмегімен ұстаздар дәріс алушыларға көмектесе алады. Дәріс алушылардың қызығушылықтары мен қабілеттерін, жеке психикалық қабілеттерін ескеру олардың оқу үрдісі барысында шетел тілін меңгеруін жеңілдетеді.

Тұлғалық бағдарлы білім берудегі оқушылардың қызметін бағалаудың төмендегі әдістемесі анықталды:

- өзіндік білім алуға ынталылығы;
- шығармашылық жұмысқа ынтасы;

- адамгершілік тұлғалық ерекшеліктері;
- өзіндік білім алудағы ерік жігері, қиындықтардан жол таба біліуі;
- өз -өзін бағалауда жауапкершілігінің жоғары деңгейі.

Осы жұмыстардың нәтижесінде танымдық, эмоционалдық, мінез-құлықтық өзгерістері үшін психологиялық қолайлы орта жасалып, педагогикалық өзара ықпалдастық мүмкіндіктері туғызылды. Бұл қатынастар тек әдістемелік және технологиялық құралдар арқылы ғана емес, мұғалімнің тұлғалық ұстанымдары негізінде де жүзеге асырылады. [11]

Оқу процесі жоғарыда айтылған жаңа технологияларды қолданып оқытқанда ғана танымдық, ізденушілік, зерттеушілік оқытуды қамтамасыз етеді. Өйткені іздену де, зерттеу де тек қана ашық ортада, жеке тұлғаның іштей толық ашылуы мен оқышылардың өзара қатынасы, сөйлесу негізінде болуы мүмкін.

Осы жаңа педагогикалық технологияларды мұғалімдер тиімді қолданса, сабақ өз дәрежесінде өтеді. Атап айтқанда, жеке тұлға өз бетімен оқуы және ойлау қабілетінің артуы жүзеге асады. Мұғалімнің рөлі берілген материалды оқушыға жаңа технологиялардың көмегімен түсінікті, қызықты етіп көрсету.

Қорыта келе, педагогикалық технологиялардың түрлерін әліде болса, санамалап айта беруге болады. Негізінен ұстаз өтілетін сабағының мазмұнына сай, оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыра алатындай технологияларды пайдалана алса, сонда ғана ол мұғалімнің шеберлігін, жаңалыққа құштарлығын көрсетеді, білім сапалы болады.

Аннотация.

В этой статье дано разные новые инновационные технологии преподавания иностранных языков.

Summery

In this article was given the new innovational technologies of teaching foreign languages.

Қолданылған әдебиеттер тізімі.

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. Қазақстан мектебі, №2, 2004, 8б.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы 2006ж.
3. Тамбовкина Т.Ю. Тандем-метод один из путей реализации личностно-ориентированного подхода в языковом образовании. ИЯШ, 2000/3.
4. Гальскова. Н. Д. Современная методика обучения иностранным языкам. Из-во «Аркти», М, 2004г.
5. Якиманская И.С. Личностно-ориентированное обучение в современной школе. М., 2009.
6. Селевко.Г. Современные образовательные технологии. М., Народное образование. 1998г.

7. Әзімбаева. Г. Ж. Оқушының жеке тұлғалық қасиеттерін дамытудағы модульдік оқытудың рөлі. Білім журналы., №2, (20), 2005.
8. Орақова А.Ш. Бәсекеге қабілетті жеке тұлға тәрбиелеуде оқу тәрбие процесінде педагогикалық технологияларды қолданудың тиімділігі. Білім 2008/№5.
9. Полат Е.С. «Метод проектов на уроках иностранного языка». ИЯШ, 2000-№2-3.
10. Бұзаубакова К. Жаңа педагогикалық технологиялар. Қазақстан мектебі. 2005/4.
11. Nunan, D. Language Teaching Methodology. Phoenix ELT, 1991.
12. Ариян М.А. Личностно-ориентированный подход и обучение иностранному языку в классах с неоднородным составом обучаемых. ИЯШ, 2007/1.